

МАҚАЛАЛАР



БІРІНШІ МАЙ МЕЙРАМЫ

Бірінші май – жер жүзі пролетариатының жұмыскерлер табы мейрамы. Бірінші май жер жүзі пролетариатының бір жолда, бір тілекте екендігін білдіретін, капиталға, озбырлыққа қарсы соғыс ашқан пролетариаттың күшшамасын көрсететін сын мейрамы.

1889 жылы жиналған екінші интернационал (жер жүзі пролетариатының ұйымы) әр жыл Бірінші майдада жер жүзі пролетариат мейрам қылсын, жұмысын қойып, тұрмысы түзелуі, жұмыс күні... 8 сағаттан аспауын тілеп, ұран салып көшеге шықсын деп бекітті.

Міне, сол жылдан бері жер жүзінің пролетариаты Бірінші майды мейрам қылышп келеді. Капитал қоршауында қан жылаған пролетариат сол жылдан бері капитал мен күресті жеңбей тоқтатпайтының білдіріп, әлемге ұран салып, жер жүзін жаңғырып келеді.

Бірінші майды бастапқы жылдарда күнбатыс Европа һәм Америка пролетариаты ғана мейрам қыла алды. Себебі олардың пролетариаты ерте оянған, ерте ойланған.

1890 жылы Англия, Франция, Германия, Австрия пролетариаты бірінші май күні жұмысын қойып, қолдарына ту алып, революция жырларын жырлап, түрлі тілектермен көшеге шығады.

Капиталистер оларға қарсы әскер, полиция, жандарм, топ, пулеметтерді даярлап қояды. Көп жерлерде екі жақ ереуілге келісіп қалады. Американың Чикаго қаласында

8 кісі өлім жазасына бұйырылды. 1890 жылдың Бірінші майында – бірінші ұран, бірінші құрбан.

Жыл сонынан жыл өтті. Жерге жан беретін жазбен бірге пролетариат қырмызы туын желбіретіп, май сайын мейрам жасай берді. Талай қалалардың көшесі қанға боялды.

Пролетариат қанды көріп қорықкан жоқ. Құрбанды көріп қорғанаған жоқ. Бірінші май мейрамын жамылған пролетариат қозғалысы жер жүзіне тарағаннан тарады.

1891 жылы Россия пролетариаты да жарыққа шығып, күресшілер қатарына тізіліп, Бірінші майды мейрам қылады. Бірақ бұл бірінші мейрамшылар жалғыз Ресей пролетариаты ғана еді. Мұнан соңғы мейрамшыларға Россияның басқа қалалары да қатынаса бастайды.

1903 жылы Россияның 6 қаласының пролетариаты мейрамға қатынасады.

1905 жылдан соң Бірінші майды барлық Россия пролетариаты мейрам қыла бастады деуге болады.

31... жыл кішкене ғана тілекпен майданға шыққан пролетариат жыл сайын кеңейте, тілегін арттыра берді. Жер жүзіндегі мұндастарын қатарына қоса берді. Ту басында тар ауданда саяси азаттық қана сұрап шыққан пролетариат бұл ауданды кеңейткеннің үстіне адамзат тұрмысында тендік, ортақтық негізін құру деген жаңа жалынды тілек қосылды.

Осы жаңа ұранмен Россия пролетариаты 1917 жылы аксүйек капиталистер құрсауын бұзып, билікті өз қолына алды.

Пролетариаттың талай тәгілген қаны босқа кеткен жоқ екен. Талай берген құрбаны қабыл болмай қалған жоқ екен. Соң туса да оң туған Россия пролетариаты.

Қазақ елі адамзат тұрмысында өз бетімен жол салу дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Үміт келешекте. Осы күні қазақтың ел болуы жер жүзі пролетариатының бағына байлаулы. Олардың бағын ашса, қазақ бағы да ашылмақ.

Шыгармалары

Россияда билік пролетариат қолында тұрса ғана қазақ көгіне күн шықпақ. Қазақ пролетариат қатарына кіріп, теңдік ұранын бірге салса ғана құлдықтан құтылмақ. Жылдар өтер, адамзаттың келешек ойын әділдік, азаттыққа қызмет сінірғен ерлер-әйелдер таптардан таспық тізіп, соларды құрметтеп тәкбір етіп, сәждеге құлар.

Сол тізілетін таспықтың бір тасы болуға ұмтыл. Қазақ, әділдік туын көтерген пролетариат қатарына қосыл! Оның қайғысы – сенің қайғың! Оның қуанышы – сенің қуанышың! Бірінші Май мейрамы – сенің де мейрамың.

Сиын да қуан, сиын да мейрам қыл. Өркендесін Бірінші май мейрамы!